

Оңтүстік Қазақстан сәулеткерлік ескерткіштерінің Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттелуі

Рахимжанов Қ. Қ., оқытушы,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақстан – сан ғасырлық тарихтың ғана, емес әлемдік өркениет жауһарларына енетін мұраларға өте бай. Әр бір ұлт өзінің тарихымен, мәдениетімен, сонымен қатар сәулеткерлік ескерткішімен мақтана алады. Ел басымыз Н.Ә.Назарбаев Ұлттық Кеңестің отырысында «Мәдени мұра» бағдарламасын талқылау кезінде «Дәстүрлі мәдениетті жаңғыртуда өз халқының тарихи тәжірбиесіне жүгіну – бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс» – деген болатын [1].

Сәулет өнері ескерткіштері — оны жасаған қоғамның өмірі туралы аса бай ақпарат көзі. Өнердің және құрылыс техникасының ескерткіштері болумен қатар, олар дәуірдің эстетикалық нормалары, идеологиясы туралы, ғылыми–техникалық мүмкіншіліктің дамуы туралы, мәдени қарым–қатынастар туралы, құрылыс қоленерінің ұйымдастырылуы мен деңгейі туралы айқын түсінік береді. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда қазіргі кезге дейін сақталған архитектуралық құрылыстар саны көп емес және мұсылмандық орта ғасырлар дәуірімен шектелген. Сондықтан сәулет өнері тарихының жалпы проблемаларын шешу, архитектуралық–көркемдік бейне эволюциясын ашып көрсету, сәулет өнері дамуының заңдылықтарын зерттеу көбінесе сәулет өнері ескерткіштерін археологиялық зерттеуге байланысты. Сәулет өнері археологиялық қазба жұмыстарында табылған ескерткіштерде, тіпті тас дәуірі ескерткіштерінің өзінен–ақ ұшырасып, одан кейінгі кезендерде барған сайын ұлғая береді. Ол адамның материалдық және рухани мәдениет сапаларын біріктіретін жасампаздық қызметінің ерекше түрі — «пайданың, беріктік пен әсемдіктің» ұштастырылуы болып табылады.

Еліміз Тәуелсіздік алғалы бізге өткен тарихымызды қайта жинақтауға, тарихымызды жаңаша жазуға мүмкіндік берді. Осы жылдар ішінде Қазақ тарихын жазуда зерттеуде Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтін ерекше атап өтсек болады. 1991 жылы 28 тамызда № 496 қаулысы бойынша Қазақ КСР Министрлер кабинетінің «Қазақ КСР Ғылым академиясы Археология институты туралы» құрылған болатын [2]. Оған белгілі ғалым, тарихшы, филолог, академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның есімі берілді. 1991 жылы негізгі қаланған бұл институт Қазақ археологиясының дамыту мақсатында алдына мынадай ғылыми бағыттар қойды:

1. Тас дәуірі кезеңіндегі Қазақстан аумағын мекендеген алғашқы адамдардың таралуын қарастыру
2. Көшпелілер дәуірін зерттеу, Ерте және ортағасырлық қалалардың дамуын зерттеу
3. Археологиялық ескерткіштерді зерттеу. Сәулеткерлік ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз ету. т.б .

Алматы қаласында 1991 жылы ЮНЕСКО шеңберінде жүргізілген «Ұжы Жібек жолы – мәдениеттер мен диалогтар байланысы» тақырыбында өткен халықаралық конференцияда еліміздің бір қатар белгілі ғалымдары қатысқан болатын [3]. Осы бағдарлама жүзеге асыруда Ұлы Жібек жолының бойындағы қалаларға археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп келеді. Олардың арасында көне астаналардың да орындары кездеседі. Қойлық–Қарлұқтардың астанасы, Жанкент–Оғыздардың астанасы, Сауран – Ақ Орда мен Қазақ хандығының тұсындағы астана. Сонымен қатар Ақтөбе (Баласағұн), Жуантөбе, Қараспан, Өзкент, Сүткент, Сидак т.б ортағасырлық қалаларды атап өтсек болады.

Тәуелсіздіктен кейінгі зерттеу жұмыстары кезінде Қазақстанның ортағасырлық қалаларының қорғаныс жүйесі, қала мәдениеті, ортағасырлық урбанизация мәселелері бойынша жаңа деректер алына бастады. Осы деректер негізінде Қазақстанның қалалары көптеген қызметтерді атқаратын әкімшілік орталықтар, ұсталық, сауда – саттықтың негізгі орталықтары болған. 2004 жылдан бастап тарих саласында, оның ішінде археология саласында жаңа кезең – мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы болды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты рухани және мәдени білім беруде дамыту аясында еліміздегі мәдени мұраларды сақтау және оларды тиімді пайдалану болып табылады. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2006 жылдың іс-шаралар жоспарында қарастырылған 2004–2006 жылдардағы тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар аяқталды. Қалпына келтіру жұмыстары жыл бойы ұлттық тарихымыздың ондаған тарихи-мәдени, сәулет және археологиялық ескерткіштерінде, алты облыста: Алматы облысының «Жаркент мешіті» сәулет-көркем музейі ғимаратында, Жамбыл облысының Ақыртас сарайы кешенінде, Баба ата сарай – қорғаны кешенінде, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Қожа Ахмет Яссауи және Арыстан бап кесенелерінде, Тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіріп, жаңғырту жұмыстарын Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Қазқайтажаңғырту» РМК жүзеге асырды. Жоғарыда айтылған нысандардағы жұмыстар негізінен іргетастарды кептіріп, сынған жерлерін қалпына келтіру, қабырғалары мен күмбездерді, төбе жабындарды, маңдайшаларды қалпына келтіру бағытында атқарылды. Ескерткіштердің қасбеттері мен күмбездерін қалпына келтіру мақсатында ескі технология бойынша кірпіштер дайындалып, жаңартылатын ескерткіштер маңында тарихи орта қалыптастыру және олардың тұрған аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Тұрбат ауылындағы XIII – XVI ғғ. сәулет кешенінің (Ысқақ–Ата кесенесі) алғашқы келбеті қалпына келтіріліп, әрлеу жұмыстары жүргізілді. Аумағы толық абаттандырылды. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 ақпандағы № 158 қаулысымен бекітілген «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасын іске асыру жөніндегі 2009–2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) жүзеге асырылуда [4]. Осы мақсатта атқарылған археологиялық жұмыстардың пірсыпырасына тоқтала кеткенді жөн санадық. Міне, осындай көне замандағы өркениетіміздің біздің

дәуірімізге жеткен бір куәсі — Жамбыл облысын аумағындағы «Ақыртас» тарихи кешені болмақ.

Ақыртас қалашығы. Ақыртас археологиялық кешені қазіргі Тараздың шығысында 40 км жерде, Ақшолақ теміржол станциясынан 6 км оңтүстікте, Қырғыз Алатауының етегінде орналасқан. Ақыртас қалашығының тарихын зерттеу бұдан 130 жылдан астам уақыт бұрын қолға алынған деп есептейді. Ақырташ қалашығына ең алғаш көңіл аударған ғалымдардың арасынан орыс суретшісі М. С. Знаменскийды атауға болады. 1864 жылы генерал Черняевтың әскери экспедициясының құрамында болып қалашықтың орнында қабырғаларының жалпы панорамасы мен фрагменттерінің кескіндемелерін қағазға түсіреді. Ал 1867 жылы ескерткішті белгілі ориенталист-ғалым П. И. Лерх зерттейді. Ол жекелеген тас блоктардың қалдықтары жайлы қытай монахы Чан-Чун жинаған деректерді келтіреді. П. И. Лерх Ақыртасты будда монастыры ретінде санаған.

XIX ғасырдың тоқсаныншы жылдарында ғалымдар Ақыртасқа тағы да назар аудара бастайды. 1893 жылы онда академик В. В. Бартольд болып, ескерткіш туралы аңыз-әңгімені келтіреді және Ақыртастың христиан, соның ішінде несториандар монастыры болуы ықтималдығы туралы өзінің болжамын білдіреді. Тарихи кешен бұдан кейінгі кезеңде де ғалымдар назарынан тыс қалған жоқ. Түркістан әуесқой археологтар үйірмесінің мүшесі, Әулиеата уезінің бастығы болған В. А. Каллаурдың айғақтауынша Ақыртас шөлейтті жерге орналасқан. Академик Карл Байпақов Жамбыл облысы аумағындағы аталған тарихи кешенді араб елдеріндегі сарайларға ұқсастырылып салынған деген пікірінің қызықты әрі перспективалы екендігіне қарамастан, Ақыртасты 766–893 жылдар аралығында Жетісудың батыс бөлігінде билік жүргізген қарлұқ қағанының жазғы резиденциясының құрылысы болуы мүмкін деген тұжырым жасаған [5, 94 б.].

Келесі қарастыратын ортағасырдағы бір кездері азиядағы, ірі сәулеткерлік ескерткіштерге бай, Сауран қалашығы мен ондағы соңғы кездері археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде алынған деректердің негізінде қалпына келтірілген жұмыстарға қысқаша тоқтала кететін болсақ. 2004 жылы Сауран қаласында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Сауран қала жұртының солтүстік бөлігінің орта тұсында, солтүстік қақпадан 200 метр жерде қаланың орталық алаңы байқалған. Осы аланның көлемі шамамен 100x40 м. Осы аланның астында күйдірілген кірпіштердің іздері анықталған. Алаңға солтүстік жағынан көше келіп қосылады. Қазба негізінен аланның солтүстік–батысын жауып тұрған қала мешітінің орталық ғимаратының қирандыларынан бастау алған. Учаскенің микротопографиясын түсіру кезінде қам кесектен қаланған, бөлек дуалмен қоршалған мешіт кешенінің орны анықталған. Яғни археологиялық қазба барысында мешіттің қоршап тұрған дуал қам кесектен қаланғаны және оның сақталған биіктігі 1.25 метрге жеткен. Ол мешіттің «мехрап қабырғасынан» 2 м қашықтықта орналасып, көлемі 34x42 м ауданды құраған. Оның оңтүстік–батыста орналасқан үштен бір бөлігін мешіттің негізгі ғимараты алып жатқан. Зерттеу барысында анықталған бұл мешіт өзінің

қызметін аяқтаған кейін белгілі бір мақсатта тұрмыстық мақсатта пайдаланылған. Қиранды арасында шатыр, күмбез, аркалардың бүтіндей бөліктері кездескен. Мешіт ғимаратының сәулеткерлік бөліктері жобаны қалпына келтіруге мүмкіндік бере отырып, оны екі қатарлы–бес нефті, ұстанды –арқылы қасбетті–күмбезді сәулет құрылысына жатқызған. Мешітке кіреберіс айуанның ені– 6 м құраған. Айуанның аркалары үлкен пилондарға орнатылған. Орталық есік ойығының артында мехрабы бар күмбезді төртұрышты зал орналасқан. Өкінішке орай, мехрап орналасқан қабырға толығымен жойылып кеткен [6, 145 б.]. 2005 жылы А.Яссауи ат.ХҚТУ, Археология ғылыми зерттеу орталығының Тұран археологиялық экспедициясы Сауран қаласының солтүстік–шығыс қақпасында қазба жұмыстарын жүргізді. Қаланың қамалын шығыстан батысқа қарай кесіп өткен ұзындығы 25 м–ден, астам, табанындағы ені 5 м, үстінде 14 м келетін сай болып жатқан, оның орталық бөлігіндегі ең биік жерінің қамалдың сыртындағы ордың деңгейінен биіктігі 3 м, ал ішкі жағындағы мәдени қабаттан 1 м–ден асатын солтүстік–шығыс қақпаны мақсатымен жүргізілген көлемі 30x5–8 м. Қазба жұмыстары кезінде қала қақпасының әр түрлі құрылыс кезеңдерінде қатысты қабаттарынан құрылыс кезеңдеріне қатысты қабаттарынан құрылыс заты ретінде пайдаланылған құрамы әр түрлі құмтастан жасалған бірнеше құлпытастар шыққан. Осыған дейінгі осындай құлпытастар қақпадан 0.8 км солтүстіктен табылған болатын [7, 36 б.]. Қақпа бағаналарының орнын аршуда күйдірілген кесек қаландысының деңгейінен 16–37 см тереңдіктен қақпаның оң және сол бағаналарының астына қоятын тастар шықты. Енді осы табылған құлпытастардың жалпы сипаттамасын айтатын болсақ: 1–ші құлпытас. Жартысы жоқ және бұрыштары мен түбі, бір бетінің біраз қабаты сынып түскен құлпытастың сақталған бөлігінің ұзындығы –45 см, ені–21 см, биіктігі–56 см. Сақталған бір бетінің жоғарғы жиегіндегі екі қатар өткен (арасы 3.5 см) сызықтың ортасында өсімдікті сызылған. Сауран қалашығындағы қақпадағы зерттеу жұмыстарының қорытындысында құлпытастардың жасалуы мен бетінде салынған ою–өрнектеріне қарап ХҮ–ХҮІ ғғ деп болжам жасаған [8, 225 б.].

Саурандағы ханакадағы зерттеу жұмысы. Қазақстанның ортағасыр қалаларының маңында егіншілік аудандары болғаны белгілі, сондай егістік Сауран қаласының маңында болған. 2005 жылы Сауран қалашығында Талеев.Д бастаған археологтар егістік аумағында қазба жұмыстарын ұйымдастырды. Сауран қаласының сыртқы қабырғасынан солтүстікке қарай 600 метр жердегі иелік зерттелген болатын. Алынған объектінің көлемі жарты гектарды құраған, және айналасын дуалдар мен қоршалып, дүниенің төрт нүктесіне бағытталған. Оңтүстік және солтүстік қабырғаларының ұзындығы 15.3 метр, ал шығыстан батысқа қарай 14.3 метр. Ғимарат 8 бөлмеден тұрады. Кешеннің сыртқы қабырғаларының қалыңдығы 1 метрге дейін жетеді. Ортадағы бөлменің төрт бұрышындағы қабырғалары жоғарғы күмбезді көтередіндей етіліп қалындатылған. Олардың әр жерінен ақ, қызыл алебастрлармен сыланған. Осы жылы осы ғимараттың 8 бөлмесіне де археологиялық қазба жұмыстары ұйымдастырылған. Қазба барысында

анықталғаны ғимарат бастапқыда ғұрыптық мақсатта хананың ролін атқарса, кейіннен тұрғын үй ретінде пайдаланылған. Осы қазылған ғимарат Орта Азиялық ханақаларға ұқсаған. Әсіресе Бұқарадағы Бехауддин және Файзабад ханақаларына өте ұқсас [9, 230 б.].

Айт мешіті. 2006 жылы Сауран қаласының маңында Айт мешітінде археологиялық қазба жұмыстары ұйымдастырылды. Қазбаны тарих ғылымдарының кандидаты Талеев Д.Ә жүргізді. Бұл Қазақстанның ортағасырлық қаларының ішіндегі алғаш қазылған айт мешіті болатын. Айт мешіті Сауран қаласынан солтүстік–шығыста 200 метр жерде сақталған. Бұл мешіттің жалпы аумағы 1 гектарды қамтыған, жан жағынан дуалдармен қоршалған. Жалпы мешіттің үлкен кіре беріс қақпасы солтүстік –батыста орналасқан. Осы қақпадан кіргеннен кейін дәрет алуға арналған бөлме, әр түрлі мақсатта пайдаланылған үш бөлме анықталған. Мешіттің ортасында 12x20 метр болатын сопақ төбе (Максура) орналасқан, осы сопақ төбенің оңтүстік бұрышында 14x14 метр, тереңдігі 0.6–0.8 метр болатын әуіз орналасқан. Қазылған мешіттің жалпы өлшемі 11.5x12,5 метр. Қазба барысында Сауран қаласындағы айт мешіті Бұхара, Самархан, Ниса қалаларындағы аршылып қазылған айт мешіттерінің жобасына ұқсаған.

Михраб орналасқан орталық бөлме мен оған үш шетіне жалғасатын бөлмелерден тұрады. Михраб орналасқан бөлменің төбесі күмбезделініп келген. Мешіттің үлкен порталы солтүстік шетінде орналасқан. Онымен жалғасатын үлкен айуанның төбесі арка түрінде жабылған. Ені 6м, тереңдігі 2.75 м, ал жалпы өлшемі 12.5 м. Айуанның екі қапталында орналасқан пилондар 1 метрге дейінгі биіктікте сақталған. Екі шеткі пилондардың сырт жағында болған (орта тұсында) мешіттің төбесіне көтерілетін басқыштардың асты бұзылмай жақсы сақталған. Осы басқыштардың алғашқысы дандана түрінде тігінен қаланған. Мешіттің іші сырланғаны анықталған, себебі түрлі түсті алебастерлердің қалдықтары кездескен. Сонымен қатар мешіттің қабырғалары кам кірпіштен , ал сыртынан бір қатар етіп күйдірілген кірпішпен қаланған. Зерттеуші осындай қабатпен қаптау сонау XI ғасырда Ниса қаласындағы мешітте дәл осындай әдіспен болған деп тұжырым жасады. Қорытынды келе археологиялық қазба барысында табылған заттай деректердің негізінде Айт мешіті ХІҮ–ХҮ ғасырда салынған делінген [10, 69 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Егемен Қазақстан №311, 29 қараша 2003 жылы
2. Постановление Кабинета министров КазССР от 28 августа 1991. №496 «Об организации Института археологии им. А.Х Маргулана »
3. Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути /Тезисы докладов международного семинара ЮНЕСКО , Алма–Ата 15–16 июня 1991
4. ҚР 2009 жылғы 16 ақпандағы № 158 қаулысы//
5. Байпаков К.М «Средневокавые города Казахстана на Великом Шелковом пути» Алматы –1998 г.

6. Смағұлов Е.//Археологиялық зерттеулер жайлы есеп–2005//
7. Байпаков К.М, Смағұлов Е.А «Ортағасырлық Сауран шаһары»– Алматы, 2005 – 36 б
8. Ақымбек Е.Ш //Ортағасырлық Сауран қаласының солтүстік–шығысындағы қақпасындағы қазба//
9. Талеев Д.Ә «Сауран қаласындағы шаруашылық аймақтағы зерттеу жұмысы» //Ортағасырлық Қазақстандағы ақша айнымалы және сауда. Халықаралық ғылыми практикалық конференция 2006ж//
10. Талеев Д.Ә // Археологиялық зерттеулер жайлы есеп–2007//